

С. Ж. Асфендияров атындағы  
Қазақ Ұлттық Медицина  
Университеті



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ  
САҚТАУДАҒЫ ЗАҢНАМА НЕГІЗДЕРІ

Тақырыбы: *Дәрігелік құпия және  
дәрігерлік қателік*



Орындаған:  
Факультет:  
Топ:  
Тексерген: .

Алматы 2016 ж

# Жоспар:

- Кіріспе
- Дәрігерлік құпия
- Дәрігерлік құпия бұзылғанда қолданылатын қылмыстық жауапкершілік
- Дәрігерлік қателік
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

- *Жариялауға мүлдем болмайтын дәрігерлік құпияны, сондай-ақ маған сеніп айтқан жеке сырларын ешкімге тіпті, ол қайтыс болып кетсе де жарияламайтындығым үшін ант етемін.*
- Медицина жетістіктерімен үнемі танысып, дәрігерлік шеберлігімді үздіксіз дамытып, «адамгершілік» атты ардан өзімді жоғары ұстаймын деп ант етемін.
- Барлық іс-қимылдарымды Қазақстан Республикасының дәрігерлік Этика қағидаларына сай жасаймын деп міндеттеме аламын.
- Осы антты өз еркіммен, адал жүрегіммен беремін. Дәрігерлік парызымды ар-ожданымға сүйеніп орындаймын.

Денсаулық сақтау ұйымдары мен мекемелерінде сырқат адамға медициналық көмек көрсететін әрбір дәрігер және орта, кіші буын медицина қызметкері **дәрігерлік құпия** туралы білу тиіс.

Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 193-IV Кодексінде арнайы 95-ші бап бар.



- **Дәрігерлік құпия** – дәрігердің науқастың сырқаты жайлы ешкімге айтпау міндеті. Егер, қоршаған ортаға зияны келетін жағдай болса, инфекциялық немесе паразитарлық аурулар дәрігерлік құпия келесі орынға қалады. Міндетті түрде тіркеуге алынатын ауруларды дәрігер тіркеп, науқастарды жекешелендіріп, емдеу шараларын жүргізуі, сот және тергеу шарттарымен мәлімет беруі тиіс.



**Дәрігерлік құпия** қатарына медициналық көмекке жүгіну дерегі, азаматтың денсаулығының жай-күйі, оның ауруының диагнозы туралы ақпарат пен оны зерттеп-қарау және (немесе) емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер жатады.

Тергеу немесе сот талқылауын жүргізуге байланысты анықтау және алдын ала тергеу органдарының, прокурордың, адвокаттың және (немесе) соттың сұратуы бойынша және кәмелетке толмаған адамға немесе әрекетке қабілетсіз адамға медициналық көмек көрсету кезінде оның заңды өкілдерін хабардар ету үшіннен басқа, оқыту, кәсіптік, қызметтік және өзге де міндеттерді орындау кезінде дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтер белгілі болған адамдардың оларды жария етуіне рұқсат етілмейді.



● Дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді пациенттің немесе оның заңды өкілінің келісімімен пациентті зерттеп-қарау және емдеу мүддесіне орай, ғылыми зерттеулер жүргізу, осы мәліметтерді оқыту процесінде және өзге де мақсаттарға пайдалану үшін басқа жеке және (немесе) заңды тұлғаларға беруге болады.

Дегенмен дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтер азаматтың немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз мынадай жағдайларда беріледі:

- өзінің жай-күйіне байланысты өз еркін білдіруге қабілетсіз азаматты зерттеп-қарау және емдеу мақсатында;
- айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың таралу қатері болған кезде;
- азаматтың денсаулығына зақым құқыққа қарсы әрекеттер салдарынан келтірілді деп есептеуге негіздер болған кезде.

Пациенттің рұқсатынсыз оның жеке өміріне қатысты жеке сипаттағы ақпаратты автоматтандырылған деректер базаларына енгізуге және пайдалануға болмайды. Сондай-ақ жеке сипаттағы автоматтандырылған деректер базаларын пациенттердің жеке өміріне қатысты жеке сипаттағы ақпаратты пайдалану кезінде пациенттердің рұқсатынсыз, оларды басқа деректер базаларымен байланыстыратын желілерге қосуға жол берілмейді.

## **Дәрігерлік құпияға кіреді:**

- Медициналық мекемеге қаралғаны жайлы мәлімет;
  - Азамат денсаулығы жайлы мәлімет;
  - Ауыру диагнозы жайлы мәлімет;
  - Азаматты емдеу және тексеру барысындағы басқа да мәліметтер;
- 
- Дәрігерлік құпияны сақтау және оны қажет жағдайда жариялау заңмен қорғалады. Кез-келген науқас жайлы ақпарат науқастың өтінішінен тыс сақталуы тиіс, ақ халат өздігінен – кепілдік болады. Науқас қаза тапқаннан кейін де құпия жарияланбауы тиіс.
  - Дәрігерлік құпияны бұзу – тіпті бір адамға құпияны ашу, ол әдейі немесе байқаусызда жасалғанына қарамастан. Дәрігерлік құпияны дәрігер тек науқастың жазбаша келісімімен ғана, емдеу-диагностикалық мақсатта, ғылыми мақалаларда жариялана алады. Бұл кезде науқастың аты-жөні жазылмайды.



Емдеу барысында мамандар арасындағы ақпарат алмасу дәрігерлік құпияны ашуға жатпайды. Азаматтың немесе оның заңды өкілінің рұқсатынсыз дәрігерлік құпияны жариялау *мына жағдайларда* рұқсат етіледі:

1) азамат өз жағдайына байланысты өзінің ауыру дәрежесін айтуға шамасы келмегенде емдеу, тексеру мақсатында;

2) инфекциялық ауыру тарау, жаппай улану қаупі туғанда;

3) соттық зерттеулер кезінде заң жүйесі мамандарына, сот, прокурор, қорғаушы;

4) 15 жасқа толмаған балалардың сырқаты жайлы ата-анасына немесе заңды өкілдеріне айту;

5) науқастың денсаулығының бұзылуына құқық бұзушылық себеп болған жағдайда;

- Азаматтың медициналық құжаттары да **медициналық құпия** болып табылады, ол да тек жоғарыда көрсетілген 5 жағдайда ашылуы мүмкін.

## Дәрігерлік құпияның заңдық негіздері:

- Дәрігерлік құпия жайлы Қазақстан Республикасы Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі жайлы Кодекстің 95-бабында көрсетілген.
- Медициналық көмекке жүгіну фактісі, азаматтың денсаулығының жай-күйі.
- Оның ауруының диагнозы туралы ақпарат пен оны зерттеп-қарау және (немесе) емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер дәрігерлік құпияны құрайды.
- 2. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген жағдайлардан басқа, оқыту, кәсіптік, қызметтік және өзге де міндеттерді орындау кезінде дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтер белгілі болған адамдардың оларды жария етуіне жол берілмейді.
- 3. Дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді пациенттің немесе оның заңды өкілінің келісімімен пациентті зерттеп-қарау және емдеу мүддесіне орай, ғылыми зерттеулер жүргізу, осы мәліметтерді оқыту процесінде және өзге де мақсаттарға пайдалану үшін басқа жеке және (немесе) заңды тұлғаларға беруге жол беріледі.

- 4. Дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді азаматтың немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз беруге мынадай жағдайларда:
  - 1) өзінің жай-күйіне байланысты өз еркін білдіруге қабілетсіз азаматты зерттеп-қарау және емдеу мақсатында;
  - 2) айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың таралу қатері болған кезде, оның ішінде қан мен оның компоненттерінің донорлығы кезінде;
  - 3) тергеу немесе сот талқылауын жүргізуге байланысты анықтау және алдын ала тергеу органдарының, прокурордың, адвокаттың және (немесе) соттың сұратуы бойынша;
  - 4) кәмелетке толмаған адамға немесе әрекетке қабілетсіз адамға медициналық көмек көрсету кезінде оның заңды өкілдерін хабардар ету үшін;
  - 5) азаматтың денсаулығына зақым құқыққа қарсы әрекеттер салдарынан келтірілді деп есептеуге негіздер болған кезде жол беріледі.

5. Қан мен оның компоненттерінің донорлығына байланысты жағдайлардан басқа, жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес деректерін қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін жеке тұлғалардың (пациенттердің) жеке өміріне қатысты дербес деректерді олардың рұқсатынсыз жинауға және өңдеуге жол берілмейді.

Қан мен оның компоненттерінің донорлығына байланысты жағдайлардан басқа, жеке тұлғалардың (пациенттердің) жеке өміріне қатысты дербес деректерді пайдалану кезінде жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес деректерін қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды олардың рұқсатынсыз басқа дерекқорлармен байланыстыратын желілерге қосуға жол берілмейді.

## ● Дәрігерлік құпия

- 1. Әрбір пациент жеке құпиясының сақталу құқығына ие, медициналық көмек көрсетуге қатысатын дәрігер, басқа да тең дәрежелі тұлғалар, науқаспен басқаша қарастырылмаған жағдайда, дәрігерлік құпияны пациент өлімінен кейін және де медициналық көмекке жүгіну дерегін сақтауы тиіс.
- 2. Құпия науқастың медициналық көмекке жүгіну дерегіне және емделу процесінде алынған барлық мәліметтерге (диагноз, емдеу тәсілдері, болжам және т.б.) таратылады.



Пациент туралы медициналық анықтама мына жағдайларда жариялануы мүмкін:

- пациенттің анық айтылған өз келісімімен;
- тергеу, прокуратура және сот органдарының негізделген талаптарымен;
- құпияның сақталуы маңызды түрде пациенттің және (немесе) басқа тұлғалардың денсаулығы мен өміріне (қауіпті инфекциялы аурулар) қауіп төндіргенде;
- ақпарат кәсіби қажеттілік болып табылып, емдеуге басқа мамандарды тарту жағдайында;
- Дәрігер науқасты емдеуге қатысатын тұлғалардың кәсіби құпияны сақтауын қадағалауы тиіс.
- Медициналық ақпараттарды алуға рұқсатқа ие тұлғалар пациент туралы алынған барлық мәліметтерді құпия сақтауға міндетті.
- Ғылыми зерттеулер, студенттерді үйрету және дәрігерлерді қайта даярлау кезінде дәрігерлік құпиясы сақталуы тиіс. Науқасты туралы ақпаратты жайылау тек оның рұқсатымен жүзеге асырылады.

## Қылмыстық жауапкершілік.

- ҚР қылмыстық кодексінің 321-бап. Дәрігерлік құпияны жария ету:

- 1. Медициналық қызметкердің кәсіптік немесе қызметтік қажеттіліксіз адам бойында ВИЧ/ЖҚТБ бар екені туралы мәліметтерді хабарлау арқылы пациенттің сырқаты немесе медициналық куәландыру нәтижелері туралы мәліметтерді жария етуі - айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.



- 2. Медицина жұмыскерінің кәсіптік немесе қызметтік қажеттіліксіз пациенттің сырқаты немесе медициналық куәландыру нәтижелері туралы мәліметтерді жария етуі, егер бұл іс-әрекет ауыр зардаптарға әкеп соқса, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



- **Дәрігерлік қателік** — дәрігердің (мед қызметкердің) кәсіби қызметі барысында қасақана емес жіберген қателігі, егер немқұрайлылық болмаған жағдайда.

- Сот-медицина эксперті, ғалым Израиль Гамшеевич Вермель медицина қызметкерлерінің пациентті дұрыс емес емдеуі барысында қылмыстық жауапкершілікке тартылады, егер үш жағдай болса:
- Медицина қызметкерінің іс-әрекеті объективті дұрыс емес, медициналық жалпыға белгілі ережелеріне қарсы келетін болса;
- Медициналық қызметкер білім дәрежесі мен лауазымына қарай өзі жасаған іс-қимылдарының дұрыс еместігін, оның науқасқа тигізер зиянын білуге тиіс еді;
- Бұл объективті дұрыс емес іс-әрекеті қолайсыз жағдайларға әкеліп соқты — науқас өлімі немесе денсаулығына айтарлықтай зиян келуі;

# Дәрігерлік қателіктердің шығу

## тегі:

- «Errare humanum est» — «Человеку свойственно ошибаться».
- Себептері объективті және субъективті болады. объективті қателіктер негізінен белгілі бір ауру түрін емдеуге көзқарастың өзгеруі. Және де бұл топқа дәрігердің деонтологиялық принциптерін сақтамауы есебінен кеткен қателіктер де жатады. Субъективті себептер: лабораториялық және инструментальді берілгендерді асыра бағалау, олардың логикасыз талдануы, науқаспен негативті қарым-қатынас, дәрігер психикасының ерекшеліктері. Кез-келген дәрігер кәсіби қателіктер жіберуі мүмкін, алайда кәсіп ерекшелігінен дәрігерлік қателік әлеуметтік мағынаға ие болады.

- **Шетелдік статистика.** Медициналық көмек көрсетудегі дәрігерлердің жасаған қателіктері өте үлкен. АҚШ Ұлттық Ғылым Академиясының Медицина институтының деректеріне сүйенсек америкалық ауруханаларда жоюға болатын медициналық қателіктерден 44тен 98мың. Адам қаза табады екен, және дәрігерлік қателіктер негізгі өлім себептері ішінен 8-ші орында тұр. Бұл тек дәлелденген жағдайлар!! Аурухана науқастарының 10 % жағымсыз реакция қалыптасады екен. АҚШ 1991 мен 1994 ж. арасында 800 мың пациент дәрігерлік қателіктерге қатысты сотқа жүгінген.
- Ал Канадада 1994 жылдан бастап он жыл бойы әр 27ші дәрігер жауапкершілікке тартылған.

- Ресей Федерациясы дәрігерлері арасында анкета жүргізу нәтижелері бойынша әрбір екінші респондент (57 %) практикасында, пациенттердің сотқа жүгінетіндей жағдайлар болғаны, бірақ 6% дәрігерлерге қатысты іс қозғалса, 30% жағдайда сот жүйесінің қатысуынсыз шешілген, ал 21 %нде пациенттер жағынан үнсіз қалған. Бұл халықтың құқықтық сауаттылығының төмендігі мен құқықтарының жүйелі қорғалуының жоқтығын көрсетеді. Егер Ресейлік қалалық поликлиникаларда диагноздардың сәйкессіздігі **30—35% жағдайда** кездесе, АҚШ статистикалық бақылауында орта есеппен әр дәрігерге шаққандағы қателік – 37%, хирург үшін – 50%, акушер-гинеколог үшін – 67% .

● Дәрігерге түсіретін шағымдар сот немесе оның көмегінсіз дәрігерлерді ақшалай компенсация төлетуге міндеттейді. Төленетін ақша мөлшері пациенттің физикалық және моральді шығыны, шағымдалушының жоғалтқан еңбекақысы, денсаулықты қалпына келтіруге қосымша шығындарды қоса есептеледі. Сонымен АҚШ пациенттерге төленген жалпы компенсацияның орташа мөлшері 1991 – 1994 ж. өзінде 80,5 млрд долл. құраған. Великобританияда 1995ж. сот шешімімен 150 млн фунт стерлинг төленсе, Австралияда 1994—1995ж. арасында кейбір жағдайларда 7 млн АҚШ долларына дейін төленген.

# Врачебная (медицинская) ошибка

Случаи причинения вреда здоровью пациента при отсутствии вины и юридической ответственности медицинских работников (учреждений)

Объективные причины ошибок

Недостаточная обеспеченность медицинских учреждений специалистами, оборудованием, лекарственными препаратами и т.п.

Атипичное развитие болезни

Аномальные анатомические особенности

Аллергические реакции

Противоправные виновные деяния медицинских работников (учреждений)

Правонарушение (преступление, проступок)

Ответственность

Дисциплинарная

Гражданская

Уголовная

Субъективные причины ошибок

Неосторожность

Недостаточность опыта и знаний медицинского работника

Невнимательность

Небрежность

Неудовлетворительная организация деятельности медицинских учреждений и т.п.

# Дәрігерлік қателік себептері

- «Біріншісі - дәрігердің құзырлы еместігі, емделушіге енжар қатынас, бұл ең ауыр жағдайлар. Кейбір кезде ең сирек кездесетін аурудың пайда болуы дәрігердің аз біліктілігіне тікелей байланысты.
- Емделушінің де өз денсаулығына жауапты болуы керек. Яғни адамның өз денсаулығына салғырт қарауы да, дәрігерлік қателікке әкеліп соқтыруы әбден мүмкін. Мысалға келтірсек, емделушілердің аурудың нақты белгілерін жасыру, немесе өз-өзін емдеумен айналысу.
- Соған қоса тағы бар бір негізгі мәселе бар. «Дәрігер-емделуші» қатынастарында құқықтық сауаттылықтың орны ерекше. Егер емделуші өз құқықтарың жеткілікті білсе, ол өз денсаулығына қатысты барлық тиісті қызметті талап етуші еді. Мүмкін осындай жағдайда көптеген қайғылы қателіктер болмас еді».



- **Дәрігердің кінәлі әлде кінәлі еместігін сот шешеді**  
Төменде көрсетілген тізімдер бойынша ҚР ҚК-нің медицина қызметкерлерінің осы кәсіпқой қылмыскерліктері үшін қылмыстық жауапқа тартылады:
  - байқаусыздық бойынша өлтіріп алу;
  - алып қоюға мәжбүр ету немесе адамның мүшелері және кездемелерінің заңсыз алып қоюы;
  - дәрігерлік және фармацевтикалық қызметкерлердің кәсіби міндеттерінің лайықсыз орындауы;
  - клиникалық зерттеулердің жаңа әдістер мен профилактика бойынша диагностика, емдеу және медициналық оңалтудың өткізілуіндегі қолдану ретін бұзу;
  - түсіктің заңсыз өндірісі;
  - ауру адамға көмек көрсетпеу;
  - қауіпті жағдайда қалдыру;

- психиатриялық стационарға заңсыз жатқызу;
- адамдармен саудаласу;
- нәрестені ауыстырып жіберуі;
- бала асырап (қыз бала асырап алу ) алудың құпиясының ашылуы;
- дәрігерлік құпияның ашылуы;
- заңсыз сыйлық беруді алу;
- есірткі заттардың заңсыз жасау, өңдеу, алу, сақтау, тасымалдау немесе өткізуі;
- заңсыз дәрігерлік немесе фармацевтикалық қызмет,
- рецепттердің заңсыз беруі немесе басқа құжаттардың жалғаны;

- Артынан қылмыстық жауапкершілікке дәрігерлерінің тартуы туралы тергеу жүргізудегі туындайтын қиындықтар және істі шешуде пайда болатын себептер әр түрлі:
  - сот және тергеуші қызметкерлерінде дәрігерліктің төңірегіндегі арнайы қажетті білімдерінің жоқтығы;
  - есепке алуы керек болатын нақты жағдайлардың түрлі болуы (вариативті);
  - талаптардың заңға сүйенген ережелердің бұзушылықтарының шектеу мен деонтологиядағы қажеттілік;
  
- Осы тізімдерге қарамастан ең көп туындайтын қылмыстық істер хирургтарға, акушер-гинекологтарға, терапевтерге, педиатрларға және жедел көмек көрсететін дәрігерлерге қатысты.

# ҚР статистика

- Денсаулық сақтау жүйесінің вице-министрі Ерік Байжүнүсов : “Қазақстанда ресми түрде дәрігерлік қателіктің статистикасы жүргізілмейді, бірақ біз шағымдар бойынша жорамал жасаймыз” деп хабарлады.
- Сонымен қоса вице-министр Эрик Байжунусовтың айтуы бойынша 2012 жылдың бірінші жартсында ДС Министрлігіне 5,2 мың. Шағым түскен, соның 50% негізделмеген болып саналды және бұл шағымдар еммен байланысты емес болып табылады. Тек 7% шағымдар аурудың асқынуларына байланысты болды.

- “Лига защиты пациентов” деген қоғамдық ұйымның анықтауы бойынша Ресейде жыл сайын дәрігерлік қателіктен 50 мың адам қайтыс болады. Ресми түрде дәрігерлік қателіктен өлген адамдардың статистикасын ешкім жүргізбейді, бірақ ресми емес мағлұматтар, дәрігерледің есептеулері (просчеты) бойынша анықталған сандар ДТП кезінде өлгендерде де көп екендігі айтылған.

# Әлемге әйгілі 5 дәрігерлік қателіктер

- 1. Дәкені іште ұмытып кеткен.
- 2007 жылы үнді тұрғыны Сабнам Правин кесар тілігі операциясы арқылы ұл босанды. Бірнеше апта әйел өзін жақсы сезініп жүрген, сосын іш аймағында айырсынулар мазалады. Уақыт өте келе дәрігерге қаралып, Чаттисгарх ғылыми институтында операциялық үстелге түсті екінші рет түсті. Науқас компенсация алды ма, сотқа шағымданды ма ол жағы белгісіз.
- Осындай оқиға Дональдом Черчпен де болған. 2000 жылы оның іш қуысында 31-сантиметрлік құралды ұмытып кетке. Ер кісі 97 мың АҚШ доллар көлемінде өтемақы алды.

## ● 2. Асқазанға тамақ жіберетін трубканы өкпеге енгізіп жіберді.

Сан-Франциско қаласының тұрғыны Юджин Ригс өңеш дивертикулдық ауруымен ауыратын. Осыған байланысты әскери ауруханаға емделуге түсті. Дұрыс тамақтана алмайтынындықтан дәрігерлер асқазанға арнайы трубка жіберіп тамақтандыруды шешті. Нәтижесінде, тамақты асқазанға емес өкпеге жіберген, бірақ дәрігерлер қателіктерін уақытылы байқады. Юджин Ригстің әйелі АҚШ сотына шағымданды, бірақ мемлекеттің заңы бойынша әскери дәрігерлер мен ауруханаларға шағым жасауға болмайды.

# 3. Мэри МакКлинтон





- **3. Құралдарды дезинфекциялайтын ерітіндіні инъекциялады.**
- Вашингтон штаты, Сиэтл қаласының тұрғыны 69 жастағы Мэри МакКлинтонға сырқы упаковкасына мән бермей дәрілік ерітіндінің орнына Вирджиния Мейсон деген мейірбике медициналық құралдарды дезинфекциялайтын ерітіндіні енгізіп жіберген.

## 4. Вилли Кинг



- Америка тұрғыны 52 жастағы Вилли Кингтің сол аяғына ампутация жасаудың орнына штат Флорида, Тампа қаласыныңдағы хирургі оң аяғын ампутациялаған. Кейін дәрігер оң аяғы да сау еместігін дәлелдегісі келді, бірақ нәтижесінде науқас сотқа шағымданды да, емдеу мекемесінен 900 мың доллар, ал хирургтан 250 мың доллар өтемақы алды және 6 айға лицензиясынан айырылды.

# 5. Джером Паркс





- Америкалық пациент Джером Паркстың денсаулығы дәрігерлік қателіктің нәтижесінде ауыр жағдайға әкеліп соқты. Науқаста тілдің ісігі бар еді, бірақ науқасқа басқа ағзаны, яғни сау ми мен мойын бағанасын сәулелендірген. Дәрігерлер компьютерлік жүйе қателескендіктен, мед. картасындағы ақпаратты қайта қарамаған. Нәтижесінде сәлемен емдеу 3 күн жалғасқан, қорытындысы науқастың есту мен көруі жүйесі бұзылған.



● Павлодар қаласының тұрғыны 49 жастағы Гүльнара Казетованы өмірін бұзып, 1 топ мүгедектікке айналдырған Павлодар қаласы ауруханасының дәрігерлері деп айтылған. (Tengrinews.kz.) Науқасқа эндоскопиялық жағдайда жатыр миомасын алып тастау операциясын жасап жатқанда екі несепағарын зақымдатып алған, бірақ дәрігерлер оны жасырған. Кейін тесік жасалған жерден зәр шыққан, қатты ауырсыну болған, бірақ дәрігерлер осылай болу керек, жара жазылып кетеді деп үйіне шығарып салған. Екі аптадан кейін перитонит диагнозымен реанимацияға түсіп, онда екі ай болды, алты операцияны 1 аптада жасаған. Нәтижесінде, ойық жара мен пневмония дамыды. Республикалық урологиялық институтында жасаған дәрігерлер операция кезінде екі несепағарының зақымдандығын дәлелдеді. Бірақ дәрігерлерді жазаға тарпады.



Назарларыңызға рахмет!



## ● Қорытынды

- Әр дәрігер немесе медициналық қызметкер күнделікті жұмыс барысында дәрігерлік құпияны бұзып жатқандығын тіпті байқамайды. Кез-келген науқастың соңынан жағдайын білу үшін келген туыстары дәрігер немесе мейірбикеден оның хал-жағдайы жайлы мәлімет сұрағанда, барлық дәрігерлер оларға мәлімет беру арқылы заң бұзушылық жасайды. Мүмкін, науқас ол туысынын бұл сырқаты жайлы білгенін қаламайтын шығар, сондықтан науқас жайлы айту барысында өте сақ болуымыз керек, міндетті түрде науқас рұқсатын алуымыз тиіс.

# Пайдаланылған әдебиеттер:

- *Ашукин Н.С., Ашукина М.Г. Крылатые слова. – М., 1966.*
- *2. Бельская Е.В., Киселев М.П., Волчанина Е.Н. // Медицина. – 2004. – № 3. – С. 2—3.*
- *3. Давыдовский И.В. // Сов. медицина. – 1941. – № 3. – С. 3—5.*
- *4. Дятлов М.М., Кириленко С.Н. // Мед. новости. – 2006. – № 5. – С. 123—126.*
- *5. Ерофеев С.В. // Мед. право.—2003.—№ 2.— С.20—22.*
- *6. Ерофеев С.В. // Мед. право. – 2006. – № 1. – С. 39—43.*
- *7. Жиляева Е.П., Жилинская Е.В. // Здоровоохранение (Москва). – 1997. – № 11. – С. 9–16.*
- *8. Канунникова Л.В., Фролов Я.А., Фролова Е.В. // Мед. право.—2003.— № 2.— С. 22—23.*